ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 22 тамыз № 4360-23-00-2/1704 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«Сихаев» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ердос Тажиханович Сихаев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының жауапкер «Сихаев» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ердос Тажиханович Сихаевқа жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Сихаев» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ердос Тажиханович Сихаев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Сихаев» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ердос Тажиханович Сихаевтан талап қоюшы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының пайдасына 629 (алты жүз жиырма тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы және 19 (он тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Сихаев» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ердос Тажиханович Сихаевтан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 25.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 03.10.2023, судья Әбілқайысқызы А., 03.10.2023

4360-23-3-1/1836